



Сабақтың тақырыбы:

Ішкі саясат



Оқытушы: Ж.К.Смагулова


* СҰРАҚ-ЖАУАП АРҚЫЛЫ
ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДЕРІН
ДАМУ;

* ӨЗДІГІНЕН АҚПАРАТПЕН
ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ҮЙРЕТУ;

* «Ішкі саясат» ТАҚЫРЫБЫ
БОЙЫНША МӘЛІМЕТ БЕРУ

Ой қозғау

Саясат сөзімен байланысты қандай ұғымдар туындайды?





Тапсырмалар орындайық!



Бағандарда берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

1) мемлекеттік	а) бірлестік	мемлекеттік ақпарат
2) жастар	ә) ақпарат	
3) азаматтық	б) дүмпу	
4) адам	в) қоғам	
5) қоғамдық	г) құқықтары	
6) демографиялық	д) саясаты	



Сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: ҚР Президентінің сындарлы саясаты арқасында елімізде тыныштық, бейбіт өмір, ұлтаралық келісім, тұрақты даму орнаған.

1 Еліміздегі саяси реформаларды

.....

2 Палатаның депутаттық құрамында

.....

3 Ішкі саясаттың құрамдас бөлігіне

.....

4 Саяси партиялардың мақсаты

.....

5 Үкіметтік емес ұйымдардың

.....

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- А) Елімізде қандай партиялар бар?
- Ә) Партиялардың атқарып жатқан іс-шаралары туралы не айта аласыз?
- Б) БАҚ арқылы қай партия туралы ақпарат мол беріледі?
- В) Соңғы сайлауда Парламент Мәжілісіне қандай партиялар өтті?
- Г) Сіз партияда мүшелікте барсыз ба?



Мәтінді оқыңыз

1998 ж. 21 қазанында ҚР-да «Қазақстан Президенттігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевқа қолдау көрсету қоғамдық штабы» қоғамдық қозғалысы жұмысын бастады. Дәл осы кезеңде қоғамдық қозғалысты саяси партияға айналдыру идеясы туралы пікірлер айтыла бастады.

1999 ж. 19 қаңтарда арнайы отырыс өтіп, онда Қоғамдық штабты «Отан» республикалық саяси партиясы» ретінде қайта құру шешімі қабылданды. 1999 ж. 12 ақпанында партия ҚР заңнамаларына сай Әділет министрлігіне тіркелді. 1999 ж. 1 наурызында жаңа партияның I құрылтай съезі өтіп, онда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев партияның

төрағасы болып сайланды. Съезд делегаттары «Отан» республикалық саяси партиясы, Қазақстанның Халықтық бірлік партиясы, Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстан либералдық қозғалысы және «Қазақстан-2030 үшін» қозғалысының бірігуі туралы тарихи маңызға ие Резолюцияны қабылдады. 2002 ж.

9 қарашада Алматыда өткен «Отан» республикалық саяси партиясының кезектен тыс IV съезінде «Отан» РСП-ға Қазақстанның Халықтық-кооперативтік партиясы мен Республикалық еңбек партиясының қосылуы туралы қаулы қабылданды.

2006 ж. 4 шілдеде Астана қаласында «Отан» республикалық саяси партиясының кезектен тыс IX съезі өтіп, «Отан» РСП-ға «Асар» партиясының қосылуы туралы шешім қабылданды. Осы жылдың 22 желтоқсанында өткен партияның кезектен тыс X съезінде «Отанның» Азаматтық және Аграрлық партиялармен біріккені жарияланды. X съезде басым дауыспен Қазақстанның жетекші саяси күшінің атауын «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы деп өзгерту туралы шешім қабылданды.

2008 ж. 17 қаңтарында өткен кеңейтілген отырыста Партияның халықтық тұғырнамасын жүзеге асыратын бағдарлама қабылданды.

2013 ж. 18 қазанда «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының атауы «Нұр Отан» партиясы болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сайлауы қарсаңында 2016 ж. 29 қаңтарда партияның кезектен тыс XVII съезі өтті. Онда «Нұр Отан» партиясының «Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасы бекітілді.

<http://nurotan.kz/party-history>



*Мәтін бойынша
10 сұрақ
құрастырыңыз*

